



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

13 қараша

### 2017 жылғы 3 қарашадан 10 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

10 қарашадағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,5%-ға (334,10-нан) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 332,57 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 3 қарашадан 10 қараша аралығындағы маңызды оқиғалар ЕО экономикасы бойынша оң болжамдар, Д.Трампының азия сапарындағы геосаяси мәселелер мен сауда-саттық қатынастарға қатысты келіссөздері, Д.Трамп ұсынған салық реформасының тетіктері бойынша деректердің жария етілуі және сенаттың салық реформасын бекіту мерзімін бұрмалауы болды. Аталған факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда құбылмалылығына және біраз әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рэнді** корпоративтік басқару құрылымының әлсіздігі мен қаржылық позицияның нашарлауына байланысты, сондай-ақ басқарушы партияның төңірегіндегі саяси жанжалдың аясында кейбір корпорациялардың ықтимал дефолты туралы Оңтүстік Африканың орталық банкінің ресми тұлғаларының өтініштері шеңберінде 1,1% -ға (14,22-тен 14,38-ге) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** ағымдағы тоқсандаін ағымдағы шоттың тапшылығына әкелуі мүмкін мұнай бағасының күннен-күнге қымбаттауы аясында 1,0%-ға (64,55-тен 65,17-ға) әлсіреді;


- **Ресей рублі** 0,2%-ға (59,07-ден 59,21-ге) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға (13 498-ден 13 529-ға) әлсіреді;
- **Мексика песосы** 0,5% -ға(19,20-дан 19,10-ға) нығайды;
- **Түрік лирасы** 0,6%-ға (3,89-дан 3,86-ға) нығайды;
- **Бразилия реалы** 0,9%-ға (3,31-ден 3,28ға) нығайды.

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %  
(2017 жылғы 27 қазан - 03 қараша)**



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)